



# Конкурстық тапсырма

«Бастауыш сыныптарда білім беру» құзыреттілігі  
бойынша

WorldSkillsAkmola 2025 аймақтық кәсіби шеберлік  
байқауы

Даярлаған:

Бас сарапшы:

Бас сарапшы орынбасары:

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Тапсырмалардың сипаттамасы	3
Қатысушыларға арналған нұсқаулар	7
Жабдықтар, құралдар және қажетті материалдар	10
Конкурсанттың тулбосындағы материалдар, жабдықтар мен құралдар	11
Конкурстық алаңда тыйым салынған материалдар, жабдықтар мен құралдар	12
Бағалау схемасы	13
Конкурстық алаңның жұмысын ұйымдастыру регламенті	14
1 қосымша	16
2 қосымша	17
3 қосымша	18

## КІРІСПЕ

Конкурстық тапсырма қатысушыларға «Бастауыш сыныптарда білім беру» құзыреттілігінде барлық дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беретін тәуелсіз модульдерден тұрады.

Модульдерді орындау барысында конкурса қатысушылардың білімі мен дағдылары стандарттың тиісті ерекшеліктеріне тексерілуі мүмкін.

Конкурстық тапсырмада дәйекті түрде орындалатын бірнеше модульдер бар. Бағалау модульдердің жұмысына да, конкурстық жұмысты орындау процесіне де қатысты жүргізіледі. Егер конкурса қатысушы қауіпсіздік техникасының талаптарын орындамаса, өзіне немесе басқа қатысушыларға қауіп төндірсе, мұндай қатысушы конкурстан шеттетілуі мүмкін. Конкурстық шарттарға байланысты конкурстық тапсырманың уақыты мен егжей тегжейін қазылар алқасының мүшелері өзгерте алады.

### ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

№ п/п	Модуль/ критерий атауы	Балл	Орындау уақыты	
1	<b>А модулі.</b> Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, 3-сыныпта оқу пәндерінің бірі бойынша («Жаратылыстану», «Математика», «Дүниетану») сабақ фрагментін әзірлеу, әдістемелік сүйемелдеу және өткізу (жаңа білімді ашу кезеңі)	48		
	<b>А1.</b> Сабақ фрагментінің қысқа мерзімді жоспарын әзірлеу (жаңа білімді ашу кезеңі) (интернетсіз)			Дайындалу - 1 сағат 30 мин
	<b>А2.</b> Интерактивті жабдықты қолдана отырып, сабақтың үзіндісін (жаңа білімді ашу кезеңі) көрсетуге дидактикалық материалдарды дайындау			Дайындалу - 1 сағат 30 мин
	<b>А3.</b> Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, бастауыш сыныптарда оқу пәндерінің бірі бойынша сабақ үзіндісін (жаңа білімді ашу кезеңі) өткізу		Алаңды демонстрацияға дайындау – 10 мин Демонстрация – 15 мин	
2	<b>В модулі.</b> Мәселелердің бір түрі бойынша ата-аналар жиналысын әзірлеу және өткізу	30	Дайындалу - 1 сағат 30мин Алаңды	

			демонстрацияға дайындау – 10 мин Демонстрация – 15 мин
3	<b>С модулі.</b> Тәрбиенің бір бағыты бойынша білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін жоба паспортын әзірлеу (интернетсіз)	20	Дайындық – 1 сағат 30 минут Жобаның тұсаукесері үшін сайтты дайындау – 10 мин Жобаның тұсаукесері – 7 мин

**Ескерту:** өзгертілген тапсырманы жария ету оны дайындау басталғанға дейін жүргізіледі.

**А модулі.** Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, 3-сыныпта оқу пәндерінің бірі бойынша («Жаратылыстану», «Математика», «Дүниетану», сабақ фрагментін әзірлеу, әдістемелік сүйемелдеу және өткізу (жаңа білімді ашу кезеңі)

**А1 тапсырма.** Сабақ фрагментінің қысқа мерзімді жоспарын әзірлеу (жаңа білімді ашу кезеңі).

**Мақсаты:** сабақ фрагментінің жоспарын жасау қабілетін көрсету.

**Объект сипаттамасы:** интерактивті жабдықты қолдана отырып, сабақтың қысқа мерзімді жоспары (жаңа білімді ашу кезеңі, 15 минутқа).

**Тапсырманы орындауға арналған уақыт шегі:** 1 сағат 30 минут (қатысушы инфрақұрылым парағында көрсетілген материалдарды пайдаланады).

**Тапсырма.**

1. Оқу мақсаты мен сабақ фрагментінің мақсатын анықтау.
2. Сабақ фрагментінің кезеңдерін, оларға сәйкес келетін міндеттерді және жоспарланған нәтижелерді анықтау.
3. Сабақ фрагментінің құрылымы мен барысын дамыту.
4. Білім алушылардың қызметін ұйымдастырудың мазмұнын, әдістері мен нысандарын анықтау.
5. Дидактикалық құралдар мен интерактивті жабдықты анықтау.
6. Мәтінді ҚМЖ үлгісіне енгізу (1-қосымша).
7. ҚМЖ басып шығарып, оны сарапшыларға беру.

**Ескерту:** Сабақ фрагментінің қысқа мерзімді жоспары Интернет желісінің материалдарын пайдаланбай әзірленеді.

**A2 тапсырма.** Интерактивті жабдықты қолдана отырып, сабақтың үзіндісін (жаңа білімді ашу кезеңі) көрсетуге дидактикалық материалдарды дайындау.

**Мақсаты:** ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, сабаққа дидактикалық материалдар мен сабақ материалдарын жасау қабілетін көрсету.

**Объект сипаттамасы:** дидактикалық материалдар, ақпараттық ресурстар (презентациялар, интерактивті оқу ресурсы, флипчаттар).

**Тапсырманы ұсынуға уақыт шегі:** 1 сағат 30 минут (қатысушы инфрақұрылым парағында көрсетілген материалдарды пайдаланады).

**Тапсырма:**

1. Әзірленген ҚМЖ негізінде сабаққа дидактикалық материал жасау.
2. Сабақтағы қызметке қажетті интерактивті жабдықты пайдалану үшін материалдар дайындау.
3. Білім алушылардың қызметін ұйымдастыру үшін қажетті материалдар мен жабдықтарды дайындау.

**A3 тапсырма.** Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, бастауыш сыныптарда оқу пәндерінің бірі бойынша сабақ үзіндісін (жаңа білімді ашу кезеңі) өткізу.

**Мақсаты:** заманауи білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, әзірленген ҚМЖ сәйкес сабақтың үзіндісін өткізу қабілетін көрсету

**Объект сипаттамасы:** интерактивті жабдықты қолдана отырып, сабақтың үзіндісін көрсету (жаңа білімді ашу кезеңі).

**Тапсырманы ұсынуға уақыт шегі:** 15 минут.

**Контингент:** еріктілер (6 адам).

**Тапсырма:**

1. Алаңды сабақты көрсетуге дайындау (10 мин).
2. Әзірленген ҚМЖ сәйкес сабақтың үзіндісін көрсету.
3. Сабақтың әр түрлі кезеңдерінде заманауи білім беру технологияларының элементтерін және интерактивті жабдықты меңгеруін көрсету (мотивациялық, оқу міндетін қою, оқу әрекеті, бақылау, өзін-өзі бақылау, бағалау және өзін-өзі бағалау әрекеттері).

**Модуль В. Мәселелердің бір түрі бойынша ата-аналар жиналысын әзірлеу және өткізу**

**Мақсаты:** проблемалардың бірі бойынша ата-аналар жиналысын әзірлеу және өткізу қабілетін көрсету.

**Нысанның сипаттамасы:** ата-аналар жиналысының демонстрациясы

**Тапсырманы орындауға уақыт шегі:** 1 сағат 30 мин

**Тапсырманы ұсынуға уақыт шегі:** 15 минут.

**Контингент:** еріктілер (6 адам).

**Ата-аналар жиналысын өткізуге қойылатын талаптар:** 2-қосымша

**Тапсырма:**

- 1.Проблемалық жағдайды талдау, мәселені анықтау, ата-аналар жиналысының тақырыбын тұжырымдау
2. Жиналыстың мақсатын анықтау
- 3.Жиналыстың құрылымы мен барысын дамыту.
- 4.Мазмұнын анықтаңыз.
- 5.Материалдар мен жабдықтарды таңдаңыз.
- 6.Жұмыстың аяқталғаны және тапсырманы көрсетуге дайын екендігі туралы сарапшыларға хабарлау.
- 7.Ата-аналар жиналысының демонстрациясына алаң дайындау (10 мин).
- 8.Ата-аналар жиналысын өткізу.

**С модулі. Тәрбиенің бір бағыты бойынша (интернетсіз)білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін жоба паспортын әзірлеу және ұсыну**

**Мақсаты:** Бастауыш мектепте тәрбие бағыттарының бірі бойынша зерттеу қызметі жобасының паспортын әзірлеу және ұсыну қабілетін көрсету.

**Нысанның сипаттамасы:** зерттеу жобасының паспорты.

**Тапсырманы орындауға арналған уақыт шегі:** 1 сағат 30 мин (қатысушы инфрақұрылымдық парақта көрсетілген материалдарды пайдаланады).

**Тапсырма:**

- 1.Белгіленген мазмұн шеңберінде жобаның тақырыбын анықтаңыз.
- 2.Жобаның ғылыми аппаратын анықтау және тұжырымдау: өзектілігі, проблемасы, объектісі, пәні, мақсаты, міндеттері, гипотезасы, зерттеу әдістері.
- 3.Қызметтің мазмұнын көрсете отырып, жоба бойынша жұмыс кезеңдерін анықтаңыз (дайындық кезеңі, негізгі кезең, қорытынды кезең).
- 4.Жобаның болжамды өнімін және практикалық маңыздылығын анықтаңыз.

5. Жобаның паспортына деректерді Енгізу (3-қосымша).

6. Төлқұжатты басып шығарыңыз және оны сарапшыларға беріңіз.

7. Жобаның паспортын ұсыну.

**Ескерту:** паспорт Интернет желісінің материалдарын пайдаланбай әзірленеді.

## ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛАР

«Бастауыш сыныптарда білім беру» Құзыретінде конкурстық тапсырмаларды өз бетінше орындауға жол беріледі:

- «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама бағдарламасы» бойынша еңбекті қорғау бойынша нұсқамадан өткен қатысушылар;
- еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен танысқандар;
- құрал-сайманды, жабдықта бірлескен жұмыс құралдарын пайдалану бойынша қажетті дағдылары бар;
- денсаулық жағдайы бойынша конкурстық тапсырмаларды орындауға қарсы көрсетілімдері жоқ.

Тапсырмаларды орындау барысында қатысушы келесі тәртіпті нақты сақтауға міндетті:

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық;
- жеке гигиенаны сақтау;
- қатаң белгіленген жерлерде тамақтану;
- конкурстық тапсырманы орындауға рұқсат етілген құрал мен жабдықты өз бетінше пайдалану.

Конкурстық тапсырманы орындау кезінде қатысушыға келесі зиянды және (немесе) қауіпті факторлар әсер етуі мүмкін:

**Физикалық:**

- шудың жоғарылауы;
- тапсырмаларды орындау кезіндегі тұрақты қалып.

**Химиялық:** жоқ.

**Психологиялық:**

- шамадан тыс назар аудару;
- көру жүктемесінің жоғарылауы;
- жауапкершіліктің артуы.

Конкурстық тапсырманы орындау кезінде қолданылатын жеке қорғаныс құралдары: құлаққаптар.

Жазатайым оқиға кезінде жәбірленуші немесе жазатайым оқиғаның куәгері болған оқиға туралы дереу сарапшыларға хабарлауға міндетті. Сарапшылар бөлмесінде медициналық мақсаттағы заттармен жабдықталған алғашқы көмек қобдишасы бар, оны жарақат алған жағдайда алғашқы көмек көрсету, өзіне-өзі көмек көрсету үшін пайдалану қажет. Жазатайым оқиға немесе қатысушы ауырған жағдайда бұл туралы Бас сарапшы дереу хабардар етіледі. Бас сарапшы қатысуға қосымша уақыт тағайындау туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа қатысушы ауруына немесе жазатайым оқиғаға байланысты одан әрі чемпионатқа қатысудан шеттетілген жағдайда, ол кез келген аяқталған жұмысы үшін ұпай алады. Жоғарыда көрсетілген жағдайлар жазатайым оқиғаларды тіркеу нысанында және жұмыстағы үзілістерді тіркеу нысанында міндетті тіркелуге жатады.

Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты орындамауға немесе бұзуға жол берген конкурсанттар WorldSkills Aqmola 2024 регламентіне сәйкес жауапкершілікке тартылады. Қатысушының ЕҚ және ҚТ нормалары мен ережелерін сақтамауы ұпайлардың жоғалуына әкеледі. Қауіпсіздік ережелерін үнемі бұзу апелляцияға ұқсас уақытша немесе тұрақты тоқтата тұруға әкелуі мүмкін.

#### *Жұмыс басталар алдында еңбекті қорғау талаптары*

Жұмысты бастамас бұрын қатысушылар мыналарды орындауы керек:

С-1 күні барлық қатысушылар қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықпен, өрт туындаған кезде эвакуациялау жоспарларымен, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар орналасқан орындармен, ауыз сумен, медициналық кабинеттермен танысуға, құзыретінің техникалық сипаттамасына сәйкес жұмыс орнын дайындауға тиіс. Танысу кезеңі аяқталғаннан кейін конкурсанттар Ұйымдастыру Комитеті белгілеген нысан бойынша жабдықта жұмыс істеу бойынша нұсқамадан өту парағына қол қою арқылы барлық процестермен танысқандарын растайды.

Жұмыс орнын дайындау:

- құрал-саймандар мен шығын материалдарының бар-жоғын тексеру;
- жабдықтың дайындығын тексеру.

Чемпионат өткізілетін күні конкурстық тапсырма модульдерін өткізудің мазмұны мен тәртібін, сондай-ақ оларды орындаудың қауіпсіз тәсілдерін зерделеу керек. Материалдар мен жабдықтардың жарамдылығын көзбен шолып тексеру арқылы тексеру керек.



Күн сайын, конкурстық тапсырманы орындауды бастамас бұрын, жұмыс орнын дайындау процесінде:

- жұмыс орнын, жеке қорғаныс құралдарын (құлаққаптар) тексеру және ретке келтіру;
- жарықтың жеткіліктілігіне көз жеткізу;
- жабдықты электр желісіне қосудың дұрыстығын (көзбен) тексеру;
- үстелдің, орындықтың, жабдықтың және құралдың орналасуының дұрыстығын тексеру, қажет болған жағдайда ыңғайсыз дене тұрысын болдырмау мақсатында ақаулықтарды жою үшін сарапшыға жүгіну.

- жұмыс үшін қажетті материалдарды, құрылғыларды дайындау және оларды өз орындарына орналастырып, жұмыс үстелінен артық заттарды алып тастау.

Жабдықтың ақаулығы анықталған жағдайда конкурсқа қатысушыға конкурстық тапсырманы орындауға кірісуге тыйым салынады. Байқалған кемшіліктер мен ақаулар туралы дереу Сарапшыға хабарлап және ақаулар жойылғанға дейін конкурстық тапсырмаға кірісуге тыйым салынады.

#### *Жұмыс кезінде еңбекті қорғау талаптары*

Конкурстық тапсырмаларды орындау кезінде конкурсқа қатысушы ЕҚ және ҚТ баяндалған құрал-саймандар мен жабдықтарды пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтауы қажет.

Конкурстық тапсырмаларды орындау және жұмыс орындарын жинау кезінде:

- мұқият болу керек, басқа қатысушылармен сөйлесуге болмайды;
- осы нұсқаулықты сақтау;
- жабдықтарды, механизмдер мен құралдарды пайдалану ережелерін сақтауға, оларды механикалық соққыларға ұшыратпауға, құлауға жол бермеуге тиісті;
- жұмыс орнында тәртіп пен тазалықты сақтау;
- жұмыс құралы оны айналдыру және құлау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп орналастырылуы керек.

Жабдықтар ақаулы болған жағдайда – конкурстық тапсырманы орындауды тоқтатып, бұл туралы Сарапшыға, ал ол болмаған кезде бас Сарапшының орынбасарына хабарлау.

#### *Жұмыс аяқталғаннан кейін еңбекті қорғау талаптары*

Жұмыс аяқталғаннан кейін әрбір қатысушы міндетті:

1. Жұмыс орнын ретке келтіру.

2. Материалдарды сақтауға арналған арнайы орынға қою.

3. Конкурстық тапсырмаларды орындау кезінде анықталған жабдықтың ақаулары және конкурстық тапсырманы орындау қауіпсіздігіне әсер ететін басқа да факторлар туралы сарапшыға хабарлау.

## ЖАБДЫҚТАР, ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ҚАЖЕТТІ МАТЕРИАЛДАР (ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ПАРАҚ)

Барлық конкурстық тапсырмаларды конкурсқа қатысушылар инфрақұрылымдық парақта және қатысушының тулбоксында көрсетілген жабдықтар мен материалдарда орындай алады.

## КОНКУРСАНТТЫҢ ТУЛБОКСЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДАР, ЖАБДЫҚТАР МЕН ҚҰРАЛДАР (қатысушылар өздерімен бірге алып келеді)

Көлемі 10 литрден **аспайтын** пластикалық мөлдір контейнер, өлшемдері 41/30/19 см **артық емес** (д×ш×в).

### Жабдықтар

Моноблок Құлаққаптар (мүмкіндігінше дыбыс өткізбейтін) Тінтуір Желілік сүзгі	Моноблок үшін ұсынылатын жүйелік талаптар: Диагональ 24 Процессор Intel Core i5-1135G7 2.40GHz Интеграцияланған бейнекарта Жедел жад 8 ГБ Операциялық жүйе Windows 11 Көлемі SSD 480
---	--

Моноблокта мәтіндер, аудио-бейне-фотоматериалдар, суреттер және т. б. бар бөгде файлдар **БОЛМАУЫ ТИІС**.

Қатысушының моноблогында келесі бағдарламалық жасақтаманы орнату қажет:

1	Windows 10	Бағдарламалық жасақтама
2	MS Office 2016	Бағдарламалық жасақтама

3	Google Chrome	Бағдарламалық жасақтама
4	Audacity	Бағдарламалық жасақтама
5	Movavi 21	Бағдарламалық жасақтама
6	Photoshop-CS6	Бағдарламалық жасақтама
7	ActivInspire	Бағдарламалық жасақтама

Қатысушы тапсырмаларды орындау үшін келесі онлайн платформалар мен электрондық материалдарды пайдаланады:

1	Learning apps	Онлайн платформасы
2	Smart Learning Suite	Онлайн платформасы
3	Canva	Онлайн платформасы
4	Google Презентациялар	Онлайн платформасы
5	* мемлекеттік және орыс тілдеріндегі оқу бағдарламалары («Жаратылытану», «Математика», «Дүниетану»)	электрондық құжат
6	* Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 2 сынып оқулықтары («Жаратылытану», «Математика», «Дүниетану»)	электрондық оқулықтар
7	* Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі	электрондық құжат
8	* Білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметі паспортының үлгісі	электрондық құжат

**Ескерту:**

**\*Бірыңғай материалды конкурстық алаңда әрбір қатысушының компьютеріне техникалық сарапшы жүктейді.**

**Конкурстық тапсырманы орындауды бастамас бұрын қатысушылар кездейсоқ таңдау тәсілімен тіркелгіден логин мен пароль алады. Қатысушы шотты бір конкурстық күн ішінде онлайн платформалармен жұмыс істеу үшін пайдаланады. Қатысушы сайтта пайдалануға тыйым салынған бөгде ақпараттың немесе ақпараттың болуына жауапты болады.**

**Бір қатысушыға және алты еріктіге арналған шығын материалдары\***

Материалдар	Сипаттамасы	Саны
USB-флеш-накопитель	Жад көлемі кемінде 8 ГБ	1
Планшет	Қара, А4	1

Қағаз А4	Ақ	100 Парақ
Түрлі түсті қағаз	Жинақ 16 дана	1
Ручка	Қалам	1+6
Карандаш	Жай карандаш ТМ	1+6
Ұштағыш	Ұштағыш	1
Сызғыш	Ағаш немесе пластикалық	1+6
Қайшы	Қайшы	1+6
Өшіргіш	Ақ жұмсақ өшіргіш	1
Түрлі түсті маркер	Маркер түрлі түсті, өшірілетін / жасыл, көк, қызыл, қара (қаптама)	1
Жинағы фломастерлер 12 цв.	Түрлі түсті фломастер, 12 дана	3
Степлер	№ 10	1
Степлерге арналған қапсырмалар	№ 10	1
Антистеплер	№ 10	1
Магнит жинағы	Қаптама 8 дана	1
Стикер	Жабысқақ жиегі бар жабысқақ жазбалар 5 түсті 100 парақ	1
Скотч	Мөлдір, Ені 50 мм-ден аспайды	1
Скрепкалар	Кеңсе қағаз қыстырғыштары, қаптамасы, 35 мм дейін	1

## КОНКУРСТЫҚ АЛАҢДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН МАТЕРИАЛДАР, ЖАБДЫҚТАР МЕН ҚҰРАЛДАР

Қатысушының инфрақұрылымдық парағында және тулбоксында белгіленбеген материалдар мен жабдықтар конкурс алаңында тыйым салынған болып саналады.

Конкурсқа қатысушылар әкелген барлық материалдарды сарапшылар мен супервайзерлер тыйым салынған материалдардың бар-жоғына тексереді. Табылған жағдайда материалдар алып тасталынады. Қатысушыға ескертулер беріледі.

Сарапшыларға дербес компьютерлерді пайдалануға рұқсат етіледі, бірақ арнайы аймақта. Бағалау жүргізуге арналған бөлмелерде бағалау үшін арнайы ұйымдастырылғандардан басқа кез келген электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.

Сонымен қатар әкелуге тыйым салынады:

- инфрақұрылымдық парақта және тулбокста көзделмеген қосымша бағдарламалар мен кітапханалар;
- ұялы телефондар;
- фото/бейне құрылғылары;
- жад карталары және басқа ақпарат құралдары;
- өз жабдықтарындағы ішкі жад құрылғылары.

Жеке есептік жазбаны және дайын дидактикалық материалдары бар сайттарды пайдалануға тыйым салынады.

### БАҒАЛАУ СХЕМАСЫ

Конкурстық тапсырманы бағалау мынадай критерийлерге (модульдерге) негізделетін болады

Модуль	Критерий	Баға		
		Субъективті	Объективті	Жалпы
А	Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, 2-сыныпта оқу пәндерінің бірі («Дүниетану», «Математика», «жаратылыстану») бойынша сабақ фрагментін әзірлеу, әдістемелік сүйемелдеу және өткізу (жаңа білімді ашу кезеңі)	10	38	48
В	Мәселелердің бір түрі бойынша ата-аналар жиналысын әзірлеу және өткізу	7	23	30
С	Тәрбиенің бір бағыты бойынша білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін жоба паспортын әзірлеу және ұсыну	-	22	22
		<b>17</b>	<b>83</b>	<b>100</b>

БАСҚА

**С-2 күні компатриот-Сарапшылар күні келесі рәсімдерден өтуді көздейді:**

- Сарапшының жеке басын куәландыратын құжаттарды (көшірмелерді) тіркеуден өту, тексеру және тапсыру;
- Конкурстық алаңды дайындау;
- Қатысушылардың жұмыс орындарын жеребелеу;
- Тулбоксты тексеру;
- Судьялыққа жіберу мәніне тестілеуден өту
- Конкурстық тапсырманы талқылау;
- 30% өзгерістер енгізу және рәсімдеу;
- Барлық сарапшылардың өзгертілген КЗ қол қоюы;
- Бағалау схемасын талқылау (критерийлер мен аспектілер);
- Сарапшылар арасындағы рөлдерді бөлу;
- ТБ және ОТ бойынша сарапшылардың нұсқамасынан өту;
- Жабдықты жұмысқа дайындау және тексеру.

С-1 күні Конкурсқа қатысушылар күні. Байқауға қатысушылар келесі рәсімдерден өтеді:

- қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тіркеуден және тексеруден өту;
- Конкурстық тапсырма бойынша түсіндірмелер мен егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды 30%-дан кем емес өзгертулермен тыңдау;
- ҚТ және ЕҚ бойынша қатысушылардың нұсқамасын тыңдау, ҚТ және ЕҚ бойынша хаттамаларға қол қою;
- конкурстық орындарды жеребе салу және жеребе хаттамасына қол қою;
- тулбоксты тексеру;
- конкурстық орындармен танысу және алаңда жабдықтарды тестілеу.

#### САЙЫСКЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН АЛАҢДА ТІРКЕУ ЕРЕЖЕСІ.

Қатысушының ноутбугына конкурстық тапсырманы орындау процесінде қатысушының барлық әрекеттері мен операцияларын жазу және жазу үшін бағдарлама орнатылады. Тапсырманы бағалауда даулы мәселелер туындаған кезде жазба сарапшыларға қарау үшін беріледі.

## ЧЕМПИОНАТ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ САЙЫСҚА ҚАТЫСУШЫ, САРАПШЫ-КОМПАТРИОТ ЖӘНЕ ЕРІКТІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС ЕРЕЖЕЛЕРІ.

Сарапшыларға чемпионат кезінде қатысушыларға қандай да бір көмек көрсетуге рұқсат етілмейді. Конкурсақа қатысушылар мен сарапшы-компатриоттар арасындағы орындау, демонстрация, түскі үзіліс кезінде байланысқа тыйым салынады.

Конкурсақа қатысушының конкурстық алаңға шыққанға дейін еріктілермен байланысуға құқығы жоқ. Конкурстық алаңда еріктілер телефонсыз.

### **САНКЦИЯЛАР**

Техникалық сипаттамада және конкурстық тапсырмада жазылған барлық ережелер мен нормалар бұзылған жағдайда конкурсақа қатысушы конкурстық тапсырманы орындаудан шеттетілуі және алаңнан шығарылуы мүмкін. Нәтижесінде сарапшылар конкурсанттың бағалау парағына 0 балл қояды.

Чемпионат күндерінде бағдарламада көзделген іс-шараларға кешіккен жағдайда конкурсақа қатысушы тапсырманы орындауға жіберілмейді, ал компатриот-сарапшылар конкурстық тапсырманы бағалауға жіберілмейді, алаңда олардың қатысуынсыз қабылданған шешімдер қайта талқыланбайды.

**Қысқа мерзімді жоспар**

Бөлім:	
Педагогтың аты жөні	
Күні:	
Сыныбы: 3	Барлығы: 6
Сабақтың тақырыбы	
Оқу бағдарламасына негізделген оқу мақсаттары	

**Сабақтың барысы**

Сабақ уақыты/кезеңі	Педагогтың іс әрекеті	Оқушының іс әрекеті	Бағалау	Ресурстар

**ҚМЖ құруға қойылатын талаптар****А модулін, А1 тапсырмасын орындау**

1. ҚМЖ 15 минуттық сабақ үзіндісіне интерактивті жабдықты пайдалана отырып, оқу пәндерінің бірінен («Математика», «Дүниетану», «Жаратылыстану») 2-сыныптағы сабақтың (жаңа білімді ашу)
2. **Оқу мақсаты** бағдарламадан жазылады. Сабақ тақырыбына толық сәйкес келетін бір ғана мақсат жазылады.
3. **Сабақтың мақсаты** оқу мақсатына негізделеді. Етістік белгісіз формада қолданылады (мысалы: өрнектердің мағынасын тап...).  
Тек білім беру (оқыту) мақсаты тұжырымдалады.  
Етістік осы шақта, 3-жақта, көпше түрінде қолданылады (мысалы: өрнектердің мағынасын табыңыз...)
4. Қысқа мерзімді жоспарда көрсетуді қажет ететін сабақ үзіндісінің кезеңдері  
Сабақтың басы – сабақтың басын ұйымдастыру  
- эмоционалды-мотивациялық компонент  
- білім, дағдыларды жаңарту (өмір тәжірибесі)  
Сабақтың ортасы – сабақ тақырыбын құрастыру  
- мақсат қою  
- жаңа білім  
- біріншілік бекіту  
Сабақтың соңы - рефлексия



## **Ата-аналар жиналысын құру және өткізу жөніндегі талаптар**

### **В модульді орындау үшін**

1. Конкурса қатысушылар жеребе тарту әдісімен жұмысты бастамас бұрын ұсынылған нысандардың бірін (дөңгелек үстел, тренинг, семинар-практикум) және педагогикалық кейсті (жағдайды) таңдайды.
2. Орындауға бөлінген уақытта-1 сағат 30 мин конкурса қатысушы:
  - проблемалық жағдайды талдайды, мәселені анықтайды және ата-аналар жиналысының тақырыбын тұжырымдайды;
  - іс-шара жиналыстың мақсатын анықтайды;
  - жиналыс құрылымы мен барысын дамытады;
  - іс-шара мазмұнын анықтайды, жиналыс өткізу үшін материалдар мен жабдықтарды таңдайды.

- Жұмыс үшін Конкурсаңт Интернет ресурстарын пайдаланады.

**!!! Модуль мазмұны бойынша дайын материалдар бар мазмұнды пайдалануға тыйым салынады.**

**!!! Конкурса қатысушы ата-аналар жиналысының әзірлемесін тапсыра алмайды, барысы тек өзі үшінбасып шығарылады немесе жазылады.**
3. Модуль демонстрациясына мыналар кіреді:
  - ата-аналар жиналысының демонстрациясына алаң дайындау-10 мин;
  - жинақтың тұжырымдалған мәселесін, мақсатын, тақырыбын ұсыну (бірінші слайдта рәсімдеу және ұсыну);
  - ата-аналар жиналысын өткізу
4. Жиналысты бағалау критерийлерінің бірі "барлық қатысушылардың интерактивті қызметінің болуы" болады, бұл "ата-аналардың", "педагогтың" белсенді өзара іс-қимылын болжайды.
5. Жиналысты өткізу кезеңдері:
  - мотивациялық-мақсатты кезең;
  - негізгі кезең-теориялық ақпаратпен жұмыс, практикум;
  - қорытынды кезең-жиналыстың қорытындысын шығару, рефлексия, жиналыстың шешімі.

## Білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметінің паспорты

Жоба паспортының бөлімдері	Мазмұны
ФИО разработчика	
<b>Жоба сипаттамасы</b>	
Жоба мәселесі	
Жоба тақырыбы	
Жоба өзектілігі	
Нысан және пән	
Мақсаты	
Тапсырмалар	
Жоба гипотезасы	
Жобалау-зерттеу қызметінің әдістері	
Жоба бойынша жұмыс кезеңдері (әр кезеңдегі қызмет мазмұнын сипаттау)	
Ресурстар	
Жоба өнімі	
Жобалау-зерттеу қызметінің практикалық маңыздылығы	